

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 шілдедегі № 633 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 тамыздағы № 846 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.03.2020 № 142 қаулысымен.**

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 шілдедегі № 633 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта:

1-1) тармақша "ұлттық басқарушы" деген сөздердің алдынан "агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингті қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

"1-2) акционерлік қоғам - агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдинг акционер ретінде мемлекет мүддесін білдіретін мемлекеттік органның шешіміне сәйкес таза кірістің кемінде 10 (он) пайызы мөлшерінде акцияларға дивидендтер есептеуді жүзеге асырады;"

2. Осы қаулы 2009 жылғы 13 мамырдан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

К. Мәсімов